		Құрастыру "Үй салайық" – Шарты, үшбұрышты пайдаланып үй құрастыру. **Көркем әдебиет:** " доңгелек туралы жұмбақ жасыру" **Көркем әдебиет Математика негізі, Құрастыру дамыту,сөздік қорды дамыту**	**Көркем әдебиет:** "Шалкан" ертегісін сахналау. **Көркем әдебиет Математика негізі,**	орман аңдарын орналастырады. **Көркем әдебиет:** "Аю мен қоян" ертегісін аудиомен тыңдау. **Көркем әдебиет Математика негізі,,сөздік қорды дамыту**	**Көркем әдебиет:** Санамақ жаттау. **Көркем әдебиет Математика негізі, ,сөздік қорды дамыту**
Балалармен жеке жұмыс		**Мониторинг бойынша Лаззат пен Асанға** **Логикалық ойындар**: Баламен бірге логикалық тапсырмаларды орындау, пазлдар мен құрастыру ойындарын ойнау. **Сандық тапсырмалар**: Сандық тапсырмаларды орындау арқылы баланың есептеу дағдыларын дамыту.	**Мониторинг бойынша Лаззат пен Асанға** Баланың ойлау қабілетін дамыту. Заттар арасындағы байланысты түсіндіру. **Жұмыс түрлері:** «Не артық?» – бір топ заттардың ішінен артық затты табу. «Қайсысы қайдан?» – жануарлар мен олардың мекенін сәйкестендіру. «Кім қайда тұрады?» – үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырату.	**Мониторинг бойынша Лаззат пен Асанға** **Сұрақтар қою**: Баламен сұхбаттасып, оған түрлі сұрақтар қойып, жауаптар алу, сөйлеу дағдыларын дамыту	**Мониторинг бойынша Лаззат пен Асанға** Сауық бұлшықеттерін жетілдіру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Жұмыс түрлері:** Ермексаздан жеміс-мүжемістер жасау. Қағазды бүктеу және жапсыру (қарапайым аппликация). Мата қиындыларынан сурет жасау.

Серуенге дайындық		**"Бір-бірімізге көмектесеміз" (Қайырымдылық пен достықты дамыту)** Балалар киіну кезінде бір-біріне көмек көрсетеді (мысалы, түймесін қадау, бас киімін кигізу).. Балалар «рахмет» және «өтінемін» сөздерін қайталап, әдептілікке дағдыланады.	**"Менің көктемгі киімім" (Сөздік қорды байыту)** Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	**"Киім қайда тұрады?" (Тазалыққа және тәртіпке баулу)** Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу	**"Серуенге дайынбыз!" (Барлық дағдыларды бекіту)** Балалар ешкімнің көмегінсіз өз бетімен киінеді. "Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі дұрыс киінеді. барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-күймен шығуын қамтамасыз ету
Серуен		**Серуен картотекасы№15** **"Көктемгі ағаштар"** 1 **Балалардың дербес әрекеті:** Ағаш бұтағын ұстап, оның қатты-жұмсақ екенін анықтау. 2 **Қимылды ойын:** «Ағаш бол» (балалар ағаш сияқты тік тұрады, жел соқса – тербеледі). 3**Бақылау:** Жапырақтар пайда болды ма? 4 **Еңбекке баулу:** Ағаш түбіне су құю. **Тәжірибе: "Сұйықтық қалай қозғалады?"**	**Серуен картотекасы№16.** **"Көктемгі иістер"** 1 **Балалардың дербес әрекеті:** Балалар гүлдің, дымқыл жердің, жапырақтың иісін сезуге тырысады. 2 **Қимылды ойын:** «Гүлге қонған көбелектер» (балалар гүлге қонып, қолдарын жайып отырады, тәрбиеші "жел соқты" десе – басқа гүлге ұшады). 3 **Бақылау:** Гүлдердің, жаңбырдан кейінгі иістің ерекшелігі. 4**Еңбекке баулу:**	**Серуен картотекасы№17** **"Жапырақтардың өзгеруі"** 1 **Балалардың дербес әрекеті:** Жаңа шыққан жапырақтарды қарау, қолмен сипау. 2 **Қимылды ойын:** «Желмен тербелген жапырақтар» (балалар жел соққанда тербеледі, жаңбыр жауса – бүріседі). 3 **Бақылау:** Жасыл жапырақтар қалай ашылады? 4 **Еңбекке баулу:**	**Серуен картотекасы№18** **"Су – тіршілік көзі"** 1 **Балалардың дербес әрекеті:** Судың қалай тамғанын, ағып жатқан судың дыбысын тыңдау. 2**Қимылды ойын:** «Су толқыны» (балалар қолдарын баяу әрі серпінді қозғалтады). 3 **Бақылау:** Су мөлдір ме? Ол немен ағады? 4 **Еңбекке баулу:** Суды үнемдеуді үйрену. **Тәжірибе: "Судың пішіні бар ма?"**

		Ақ гүлді түрлі-түсті суда қалдырып, оның боялғанын көру. **(Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту, тәжірибелік жұмыс)**	Кішкентай гүлдерге су құю. **Тәжірибе: "Иістерді тану"** Балалар көздерін жұмып, әртүрлі өсімдіктер мен заттардың иісін анықтайды. **(Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту, тәжірибелік жұмыс)**	Кепкен жапырақтарды жинау. **Тәжірибе: "Жапырақтың құрылымын зерттеу"** Лупамен жапырақтың тамырларын карау. **(Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту, қоршаған ортамен таныстыру , тәжірибелік жұмыс)**	Суды әртүрлі ыдыстарға құйып, оның пішіні қалай өзгеретінін бақылау. **(Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту , қоршаған ортамен таныстыру , тәжірибелік жұмыс)**
Серуеннен оралу		Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**
Балалардың дербес әрекеті(қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)		**Қазақтың ұлттық киімдері** **Мақсаты:** Балаларды қазақтың ұлттық киімдерімен (шапан, қамзол, тақия, сәукеле) таныстыру.	**Қазақ ою-өрнектерін бейнелеу және дамыту** **Мақсаты:** Балаларды қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен тереңірек таныстыру.	**Әшекей бұйымдарды мүсіндеу және безендіру** **Мақсаты:** Балаларды қазақ халқының зергерлік бұйымдарымен таныстыру.	**Қазақтың ұлттық ыдыс-аяқтарын безендіру** **Мақсаты:** Балаларды қазақ халқының ыдыс-аяқтарымен таныстыру.

		Киімдерді безендіру үшін ою-өрнектерді қолдануға үйрету. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. .**Сурет салу:** Ұлттық киімнің суретін салып, ою-өрнектермен безендіру. **Мүсіндеу:** Пластилиннен кішкентай тақия жасап, оған өрнектер қосу. **Жапсыру:** Дайын киім үлгілеріне түрлі-түсті қағаздан өрнек жапсыру. **Ойын:** «Киімді сәйкестендір» (ұлттық киімдерді атау және оларды суреттерге сәйкестендіру). **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу дағдыларын дамыту топпен жұмыс жасау дағдыларын дамыту**	Оюлардың негізгі элементтерін қайталап салуды, мүсіндеуді үйрету. Ұсақ моториканы дамыту және көркемдік талғам қалыптастыру. **Сурет салу:** Ақ қағаз бетіне қарапайым оюларды салып, түрлі түстермен бояу. **Мүсіндеу:** Пластилиннен ою элементтерін жасап, оларды біріктіру. **Жапсыру:** Дайын ою пішіндерін қағаз бетіне жапсыру. **Ойын:** «Оюды сәйкестендір» (түрлі ою бөліктерін құрастыру). **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу дағдыларын дамыту топпен жұмыс жасау дағдыларын дамыту**	Өз қалауы бойынша әшекей мүсіндеп, оны ою-өрнектермен безендіру. Шығармашылық дағдыларын дамыту. **Сурет салу:** Балалар өз қалаған әшекей бұйымының суретін бояйды. **Мүсіндеу:** Пластилиннен білезік, жүзік жасап, таяқшамен өрнек түсіру. **Жапсыру:** Түрлі-түсті қағазды қиып, дайын әшекейлерді сәндеу. **Ойын:** «Кімге қандай әшекей жарасады?» (Әшекейлерді қуыршақтарға немесе суреттерге сәйкестендіру). **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу дағдыларын дамыту топпен жұмыс жасау дағдыларын дамыту**	Ыдыстардың пішінін жасап, оны ұлттық оюлармен безендіру. Шығармашылық қиялын дамыту.. **Сурет салу:** Балалар өздері қалаған ыдыстың суретін салып, бояйды. **Мүсіндеу:** Саз балшықтан немесе тұзды камырдан кішкентай ыдыстар жасап, өрнек салу. **Жапсыру:** Дайын ыдыстардың силуэтін қиып, оларға қағаздан оюлар жапсыру. **Ойын:** «Ыдысты тап» (балалар сипаттамасына қарай ыдыстарды сәйкестендіреді). **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу дағдыларын дамыту топпен жұмыс жасау дағдыларын дамыту**
Балалардың үйге қайтуы		Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу Тәрбиеші ата-аналарға баланың күнін қалай өткізетіні туралы қысқаша ақпарат береді.

Тәрбиеші: Омарова А

Таирханова Р

Тексерген: Кумекова Б.

Тәрбиелеу білім беру процесі

2024-2025 оқу жылы

Ортаңғы топ,3-жас

Наурыз 3-апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 17.03.2025	Сейсенбі 18.03.2025	Сәрсенбі 19.03.2025	Бейсенбі 20.03.2025	Жұма Демалыс
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Балалардың үйде	Балаға көңіл бөліп, оның үйде немен айналысқанын, көңіл-күйін сұрау. Егер	Салемдесу Әр балаға ерекше көңіл бөліп, «Қайырлы таң! Бүгін	Салемдесу	

	немен айналысқанын , бүгінгі көңіл күйін сұрау **Медбике тексеруі** **ҚР Гимн орындау** **«Күй күмбірі» - Құрманғазы Сағырбайұлы** – "Сарыарқа", "Адай" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	бала мазасызданса, оны жұбату, қолдау көрсету **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» - Тәттімбет Қазанғапұлы** – "Саржайлау", "Бестөре" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **Ұлттық құндылықты дәріптеу** **«Ұлттық киімдер»**: Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы айтып, суреттер көрсету. Киімдерді көрсетіп, олардың маңызын түсіндіру.	күн қандай тамаша!» деп жылы сөз айту. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» -** балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Жұмсақ, көңілді музыка қою арқылы баланың көңіл-күйін көтеру. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» -** балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	
Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме: "Балаңыздың денсаулығын сақтау және нығайту"** **Мақсаты:**Бала денсаулығын нығайту үшін пайдалы әдеттерді қалыптастыру. Балаға дұрыс тамақтану	**Ата-анаға кеңес: "Балаға стрессті басқаруды үйрету"** **Мақсаты:** Балаңыздың стресстік жағдайлармен қалай күресуін үйрету. Эмоциялық тұрақтылықты дамытуға көмек көрсету.	**Психологтың кеңесі: "Балаңыздың әлеуметтік дағдыларын дамыту"** **Мақсаты:** Баланы басқа балалармен қарым-қатынас орнатуға үйрету. Әлеуметтік дағдыларды дамыту.	**Ата-аналармен әңгіме: "Балаға өз-өзіне сенімді болуды үйрету"** **Мақсаты:** Балаға сенімділік пен өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру. Балаға өз мүмкіндіктерін тануға көмектесу.	

	мен дене шынықтыру дағдыларын үйрету. **Талқыланатын мәселелер:** Балаңызға пайдалы әрі дұрыс тамақтану әдеттерін қалай қалыптастыру. Қозғалыс ойындарының денсаулыққа әсері. Салауатты өмір салтын үйрету.	**Талқыланатын мәселелер:** Стресстік жағдайларды болдырмау және балаға стресс жағдайларын жеңуге көмектесу жолдары. Балаға тыныштықты сақтауды үйрету. Эмоциялық сауықтыру әдістері.	**Талқыланатын мәселелер:** Баланың топтық ойындарға қатысуы. Достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Балалар арасындағы қақтығыстарды шешу дағдыларын дамыту.	**Талқыланатын мәселелер:** Баланың өз мүмкіндіктерін бағалау және өз күшіне сену. Балаға мақсат қою және оған жету жолдарын көрсету. Табыстарды мадақтау мен баланың күш-жігерін бағалау.	
Балалардың іс-әрекеті (ойын,танымдық,коммуникативтік,шығармашылық эксперименталдық, еңбек,қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**«Қауіпсіздік ережелерін сақтау»** **Мақсаты:** Балаларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Қауіптен сақтану дағдыларын қалыптастыру. **Танымдық:** «Жолда жүру ережелері». **Ойын:** «Қай жол белгісі?» (суреттер арқылы жол белгілерін табу). **Қимыл:** «Жол қимылысында» (бағдаршам ойыны). **Эксперимент:** «От пен су» (оттың қауіпті екенін көрсету, судың өшіретінін түсіндіру).	**«Ұлттық тұрмыстық заттармен танысу»** **Мақсаты**: Балаларды қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттарды сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. **Танымдық:** Сандық, тостаған, кесе, күбі туралы әңгімелеу. **Ойын:** «Тап та айт» (заттарды сипау арқылы тауып, сипаттау). **Шығармашылық:** Сандық пішінін қағазға салып, оны ою-өрнектермен безендіру. **Эксперимент:** Ағаш пен саздан жасалған ыдыстардың айырмашылығын зерттеу. **Қауіпсіздік:** Үйде және	**«Қауіпсіздік – әр күннің негізі»** **Мақсаты:** Балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Өрт, су, жол ережелері туралы түсініктерін бекіту. **Танымдық:** «От, су, электр – дос па, қас па?» (суреттермен жұмыс). **Ойын:** «Қай жерде қауіп бар?» (суреттерден қауіп көздерін табу). **Қимыл:** «Бағдаршам» (қызыл, сары, жасыл түстерге сәйкес қимыл жасау). **Шығармашылық:** Бағдаршам макетін жасау. **Эксперимент:** Сіріңкенің қалай тұтанатынын бақылау (тәрбиеші	**«Ұлттық ойындар күні»** **Мақсаты:** Балаларды ұлттық ойындар арқылы шыдамдылыққа, шапшаңдыққа үйрету. Қимыл белсенділігін арттыру. **Танымдық:** «Ақ сүйек», «Алтыбақан», «Көкпар» ойындарының маңызын түсіндіру. **Ойын:** «Ақ сүйек» (балалардың іздеу қабілетін дамыту). **Қимыл:** «Көкпар» (жүгіріп жарысу ойыны). **Шығармашылық:** Ойындарға арналған шағын атрибуттар жасау (мысалы, таяқтан «оқылқы» жасау). **Қауіпсіздік:** Жүгіріс	

	Шығармашылық, танымдық. Еңбек әрекеті мен қауіпсіздік дағдыларын дамыту	балабақшада ыдыстарды қауіпсіз қолдану ережелері. **Шығармашылық, танымдық. Еңбек әрекеті мен қауіпсіздік дағдыларын дамыту**	көрсетеді, балалар тек көреді). **Қауіпсіздік:** Өрт, суға батпау, электр құралдарын дұрыс пайдалану ережелері. **Шығармашылық, танымдық. Еңбек әрекеті мен қауіпсіздік дағдыларын дамыту**	ойындары кезіндегі жарақаттан сақтану жолдары. **Шығармашылық, танымдық. Еңбек әрекеті мен қауіпсіздік дағдыларын дамыту**	
Таңертеңгілік жаттығу	**Таңғы жаттығу кешені №10** **"Көңілді орман"** Музыка: **"Ормандағы серуен"** **"Аюдың оянуы"** – Қолды жоғары созып, керілу. **"Қояндар секіреді"** – Орындарында жеңіл секіру. **"Құстар ұшты"** – Қолды екі жаққа созып, баяу сермеу. **"Бұлақтан су ішеміз"** – Алға еңкейіп, алақанмен су алу қимылы. **"Үйге ораламыз"** – Бір орында жүру, қолды жоғары-төмен қозғалту.	**Таңғы жаттығу кешені №11** **"Автобуспен саяхат"** Музыка: **"Далада жүреміз"** **"Автобусты оталдырамыз"** – Қолды алдыға созып, рөл айналдыру. **"Жолда бұрылу"** – Денені оңға, солға бұру. **"Доңгелектер айналады"** – Аяқты кезекпен айналдыру. **"Жолда кедергілерден өтеміз"** – Орындарында жоғары секіру. **"Автобус тоқтады"** – Терең тыныс алу, демалу.	**Таңғы жаттығу кешені №12** **"Кемпірқосақ әлемі"** Музыка: **"Көңілді түстер"** **"Күнге қол созамыз"** – Қолды жоғары көтеріп, керілу. **"Желмен тербелеміз"** – Денені оңға, солға еңкейту. **"Жаңбыр тамшылайды"** – Саусақтармен тырсылдатып, қолды төмен түсіру. **"Шалшықтан секіреміз"** – Жеңіл секіру. **"Кемпірқосақ сызып жатырмыз"** – Қолмен доға сызу.	**Таңғы жаттығу кешені №13** **"Жануарлар бәйгесі"** Музыка: **"Зоопаркке бардық"** **"Арыстан керілді"** – Қолды жоғары көтеріп, созылу. **"Қасқыр орманды кезіп жүр"** – Бір орында тізені жоғары көтеріп жүру. **"Маймылдар тербеледі"** – Қолды жан-жаққа сермеу. **"Құстар самғады"** – Қолды екі жаққа жайып, айналу. **"Жануарлар демалып жатыр"** – Терең тыныс алу, еңкею.	
Таңғы ас	**«Қолды жуу» (Гигиеналық дағды)** Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз	**«Қолды жуу» (Гигиеналық дағды)** Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз	Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру	**«Қолды жуу» (Гигиеналық дағды)** Балаларға қолды дұрыс жуу дағдыларын үйрету.	

	орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. "Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау. "Сабынды алып жақ, суды ашып шайқайық" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау. Мысалы: **Сүтке піскен Геркулес ботқасы дәмды,** **май жағылған нан тәтті** **сүтті тәтті шай** **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	**Таңғы аспен таныстыру Үнемді пайдалану** **"Тағамды ысырап етпе" (Тағамды дұрыс қолдануға үйрету)** **Мақсаты:** Балаларға тағамды ысырап етпей, тек қажет болған мөлшерде жеуге үйрету.**Өткізу барысы:** Балаларға тамақты тек қажет мөлшерде алып, оны толықтай жеуді үйрету. Тамақты ысырап етпеудің маңызын түсіндіру. Мәдениетті тамақтану дағдысын үйрету	Балалар бөлмеге кіріп, алдымен қолдарын жылы сумен жуады. **Тамақтануға дайындық**	
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҰІӘ	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	**"Жолда жүрсек сақ боламыз"** **Мақсаты:** Қарапайым жол ережелерін түсіндіру. **Ойын барысы:** Ойыншық машиналармен ойнау кезінде балаларға жолда тек жаяу жүргінші жолымен жүруді, көшені тек белгіленген орыннан кесіп өтуді үйрету.	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау қарапайым сөйлемдерді қайталайды).	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **"Көңілді қонжықтар"** **(Бұрылып, заттарды айналып жүру)** **Мақсаты:** Балаларға бағытты сақтап жүру, айналып қозғалу дағдыларын үйрету. **Ойын барысы:** Балалар қонжықтар болып ойнайды. «Қонжықтар бал ізdеп кетті!» дегенде балалар орындықтарды немесе кеглилерді айналып жүреді. «Аю келді!» деген белгіде, балалар тоқтап, орындарында тұра қалады. **(Физикалық дағдыларды қалыптастыру)**	**Дене тәрбиесі** **Желмен жарысамыз"** **(Жүгіру)** **Мақсаты:** Балалардың жүгіру дағдыларын, ептілігін дамыту. **Ойын барысы:** Балалар көбелектер болып ойнайды. «Жел ұрды!» дегенде, балалар әртүрлі бағытта жүгіреді. «Жел тоқтады!» дегенде, балалар тез тоқтап, тыныш тұруы керек. **(Физикалық дағдыны қалыптасытыру)**	**. Музыка** **"Жұптасып билейміз"** **Мақсаты:** Балаларды жұппен би қимылдарын орындауға үйрету. **Ойын барысы:** Балалар екі-екіден жұптасады. қазақ бишің қарапайым элементтерін көрсету: Алақанды шапалақтау. Қолды белге қойып, жеңіл айналу. Бір аяқпен секіріп, екіншісін алға созу. Музыка қосылғанда, балалар жұптасып би қимылдарын қайталайды. **(музыка – шығармашылық әрекет)**	**Дене тәрбиесі** **"Көңілді доптар"** **(Домалату, лақтыру, қағып алу)** **Мақсаты:** Қол моторикасын, дәлдік пен шапшаңдықты дамыту. **Ойын барысы:** Балалар шеңберде тұрады. «Допты домалат!» дегенде, балалар допты бір-біріне домалатады. Кейіннен допты қақпаға домалатып жаттығады. **(Физикалық , танымдық дағдыларды қалыптастыру Денешынықтыру)**	

Серуенге дайындық	**"Серуенге дайынбыз!" (Барлық дағдыларды бекіту)** Балалар ешкімнің көмегінсіз өз бетімен киінеді. "Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі дұрыс киінеді. барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-күймен шығуын қамтамасыз ету	**"Бір-бірімізге көмектесеміз" (Қайырымдылық пен достықты дамыту)** Балалар киіну кезінде бір-біріне көмек көрсетеді (мысалы, түймесін қадау, бас киімін киғізу).. Балалар «рахмет» және «өтінемін» сөздерін қайталап, әдептілікке дағдыланады.	**"Менің көктемгі киімім" (Сөздік қорды байыту)** Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	**"Киім қайда тұрады?" (Тазалыққа және тәртіпке баулу)** Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу	
Серуен	**Серуен картотекасы№19 "Көктемгі бұлт тар"** 1 **Балалардың дербес әрекеті:** Аспандағы бұлттардың пішінін бақылау, қиялдау. 2 **Қимылды ойын:** «Бұлт пен жел» (балалар бұлт болып баяу жүреді, тәрбиеші "жел соқты" десе, олар тез қозғалады). 3 **Бақылау:** Бұлттар ақ па, сұр ма? Олар қозғалып жатыр ма? 4 **Еңбекке баулу:** Бұлттың көлеңкесінде ойнау, топырақтың	**Серуен картотекасы №20 "Көктемгі өзен"** 1 **Балалардың дербес әрекеті:** Судың ағысын бақылау, тас лақтыру. 2 **Қимылды ойын:** «Су ағысы» (балалар қолдарын созып, баяу ағады, тәрбиеші "тас түсті" десе, олар тоқтайды). 3 **Бақылау:** Өзен суы қандай түсті? Ол қайда ағып жатыр? 4 **Еңбекке баулу:** Өзеннің айналасын қоқыстан тазалау.	**Серуен картотекасы№21 "Көктемгі су қоймалары" Құрылымдық элементтер:** 1 **Балалардың дербес әрекеті:** Өзен, көл, бұлақтарды бақылау, шағылысты қарау. 2 **Қимылды ойын:** «Судың шуы» (балалар судың шуылын қолмен жасайды, ал тәрбиеші "тыныштық" дегенде тоқтайды). 3 **Бақылау:**	**Серуен картотекасы№22 "Көктемгі ағаштар"** 1**Балалардың дербес әрекеті:** Жапырақтардың қалай шығып жатқанын бақылау. 2 **Қимылды ойын:** «Ағаштар желмен шайқалды» (балалар қолдарын созып, ағаш секілді теңселеді). 3 **Бақылау:** Ағаштар көктемде қалай өзгереді? 4**Еңбекке баулу:**	

	көлеңкеде және күн астында қандай екенін қарау. **Тәжірибе: "Бұлт қайдан пайда болады?"** Суық әйнекке дем шығарып, буланууды бақылау. **(экологиялық мәдениет, еңбекке баулу,қамқорлық , шығармашылық дағдыларды қалыптастыру)**	**Тәжірибе: "Судың ағысы"** Стақандағы суды еңкейтіп, оның қалай ағатынын бақылау. **(Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру)**	Су ағысы қайда барады? Су мөлдір ме? 4**Еңбекке баулу:** Су қоймасының маңын таза ұстау. **Тәжірибе: "Судың тазалығы"** Бір стақан таза және бір стақан кір су қойып, айырмашылығын қарау. **(Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу)**	Ағаш түбін тазалау. **Тәжірибе: "Жапырақтар қалай өседі?"** Кішкентай бұтақты суға салып, өзгерісін бақылау. **(Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру)**	
Серуеннен оралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	
Түскі ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз	

	орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. "Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау. "Сабынды алып жақ, суды ашып шайқайық" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	
Күндізгі ұйқы	Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, музыка)**	Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, тыңдау дағдысын қалыптастыру)**	Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу Аудио ертегі қосу **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, тыңдау дағдысын қалыптастыру)**	Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, музыка)**	
Ұйқыд аноятy, сауықтыру шаралары	. Балаларға қиял әлемін сыйлап, оянуды қызықты ету.Балалардың төсектерінің қасында тұрып, қысқа ертегі айтудан бастау: "Қояндар оянды, орман оянды, енді біздің балаларымыз да оянады!"	Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала оянғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »**	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау тыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару.	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »**	

	«Денсаулық жолдарымен жүрейік» Түзіршікті, ұсақ және ірі моншақты жолдар	Жұмсақ және қатты жолдар	«Денсаулық жолдарымен жүрейік» иілмді жолдар	Түзіршікті, ұсақ және ірі моншақты жолдар	
Бесін ас	«Қолды жуу» (Гигиеналық дағды) Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. "Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау. "Сабынды алып жақ, суды ашып шайқайық" (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	«Қолды жуу» (Гигиеналық дағды) Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Майлықты дұрыс қолдануды, канды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру Тағы және таныстыру Үнемді пайдалану "Тағамды ысырап етпе" (Тағамды дұрыс қолдануға үйрету) Мақсаты: Балаларға тағамды ысырап етпей, тек қажет болған мөлшерде жеуге үйрету. Өтініш барысы: Балаларға тамақты тек қажет мөлшерде алып, оны толықтай жеуді үйрету. Тамақты ысырап етпеудің маңызын түсіндіру.	«Қолды жуу» (Гигиеналық дағды) Балаларға қолды дұрыс жуу дағдыларын үйрету. Балалар бөлмеге кіріп, алдымен қолдарын жылы сумен жуады. Тамақтануға дайындық	
Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-басна, тағы басқа	"Көктемгі гүлдер" (Сан: тең және тең емес) Мақсаты: Балаларға заттарды санап, тең немесе тең еместігін салыстыруды үйрету.	"Гүлдерді салыстыр" Мақсаты: Балаларға тең және тең емес заттарды ажыратуды үйрету. Кең және тар ұғымдарын түсіндіру.	"Көбелектер қанаты" Мақсаты: Балаларға заттардың теңдігін визуалды салыстыруға үйрету. Кең және тар заттарды табуға үйрету.	"Су тамшылары" Мақсаты: Балаларға заттарды сапы бойынша салыстыруға үйрету. Кең-тар айырмашылығын түсіндіру.	

ойындар, кітап оқу, бейнелеу)	Көркем әдебиет арқалы танымдық қызығушылықтарын дамыту. **Ойын барысы:** 1 **"Гүлдерді санайық"** Балаларға қызыл және сары гүлдер беріледі. Олар санап, қай топта көбірек екенін анықтайды. 2**"Гүлдерді топтастыр"** Гүлдерді түсі бойынша тең немесе тең емес топтарға бөлу. 3 **Көркем әдебиет:** Гүл туралы қысқа өлең оқу **Математика негізі, көркем әдебиет Сөздік қорды молайту**	**Ойын барысы:** 1 **Көркем әдебиет:** Тәрбиеші "Көктем келді" атты қысқа өлең немесе әңгіме оқиды. 2 **Математика негізі :** Түрлі түсті қағаз гүлдер беріледі. Балалар тең (бірдей) гүлдерді тауып жұптастырады. Кеңірек және тар гүлдерді салыстырып, оларды екі топқа бөлу. 3 **Қимылды ойын:** «Гүлді тап!» (үлкен немесе кіші гүлді сипаттайды, балалар соған сәйкес гүлді алып келеді). **Математика негізі, көркем әдебиет Сөздік қорды молайту**	**Ойын барысы:** 1 **Көркем әдебиет:** «Көбелек пен гүл» туралы шағын ертегі оқу. 2 **Математика негізі :** Әртүрлі өлшемдегі көбелектердің қанатын салыстыру. Бірдей қанаттарды табу (екі көбелектің қанатын сәйкестендіру). 3**Қимылды ойын:** «Көбелек ұшты» (балалар көбелектер сияқты қолдарын қағып, жүгіреді). **Математика негізі, көркем әдебиет Сөздік қорды молайту**	**Ойын барысы:** 1 **Көркем әдебиет:** «Жаңбыр жауды» тақпақ оқу. 2 **Математика негізі :** Балаларға әртүрлі көлемдегі су тамшыларын тарату. Кеңірек тамшылар мен тар тамшыларды тауып, салыстыру. 3**Қимылды ойын:** «Тамшылар секіреді» (балалар тамшылар сияқты жерге жеңіл секіреді). **Математика негізі, көркем әдебиет Сөздік қорды молайту**	
Балалармен жеке жұмыс	**Мониторинг бойынша** Асан, Данияр ,Айша Қимыл-қозғалысты үйлестіруді жақсарту. **Жұмыс түрлері:** «Кім қалай жүреді?» – жануарлардың жүрісін қайталау (қоян – секіреді, аю – ырғала жүреді). «Допты қағып ал» – доппен ойнау арқылы жылдамдықты дамыту. «Жасырынған затты тап» – кеңістіктегі	**Мониторинг бойынша Логикалық тапсырмалар:** «Суреттен не көріп тұрғаныңды айтып бер».Ағаш пен бұта,бұта мен шөп несімен ұқсас және айырмашылықтары неде?	**Мониторинг бойынша Айша,Данияр,Марта** Эмоцияларды түсіну және басқару дағдыларын дамыту. **Жұмыс түрлері:** «Смайликтер» – қуаныш, реніш, таңғалу, қорқу эмоцияларын тану. «Айна ойыны» – бет-әлпет арқылы эмоцияларды көрсету. «Менің көңіл-күйім» –	**Мониторинг бойынша Ерік Айлара** Заттардың қасиеттерін ажырата білуін жетілдіру. **Жұмыс түрлері:** «Сипап біл» – әртүрлі заттарды (жұмсақ, қатты, тегіс, кедір-бұдыр) сипап, сипаттау. «Дәмін тап» – көзін жауып, дәмді ажырату (тәтті, қышқыл, ащы, тұзды).	

	бағдарын анықтауға арналған ойын.		бала өзінің көңіл-күйін айтып, түсіндіреді.	«Иісін тап» – әртүрлі заттардың иісін ажырату (гүл, жеміс, сабын).	
Серуенге дайындық	**"Киіну мен шешіну реті" (Реттілікті сақтау дағдысын жетілдіру)** Балалар дұрыс киіну ретін қайталайды. "Қайсысы бірінші?" ойыны – Балалар киіну ретін рет-ретімен айтып береді. Серуеннен кейін балалар өздігінен шешінеді, киімдерін шкафқа дұрыс орналастырады.	**"Көктемде қалай киінеміз?" (Серуенге дұрыс киіну дағдысын бекіту)** балаларға көктемгі ауа райына сәйкес киіну керектігін түсіндіру "Не артық?" ойыны – әртүрлі киімдерді көрсетіп, балалар тек көктемгі киімдерді таңдайды. Балалар өздігінен киініп, бір-біріне көмектеседі.	**"Менің көктемгі киімім" (Сөздік қорды байыту)** Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	**"Киім қайда тұрады?" (Тазалыққа және тәртіпке баулу)** Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу.	
Серуен	**Серуен картотекасы №22 "Көктемгі күн шуағы" (Көктемгі күннің әсері, жылудың пайдасы) Балалардың дербес әрекеті:**	**Серуен картотекасы№23 "Көктемгі гүлдер" (Алғашқы гүлдермен танысу, түстерді ажырату) Балалардың дербес әрекеті:**	**Серуен картотекасы№24 "Көктемгі еңбек" (Көктемгі жұмыстарға баулу, еңбекқорлыққа үйрету) Балалардың дербес әрекеті:**	**Серуен картотекасы№25 "Көктемдегі өзгерістер"** 1 **Балалардың дербес әрекеті:** Ағаш бұршіктерін бақылау, оларды қолмен ұстау. 2 **Қимылды ойын:**	

	Балалар құмда, ойыншықтармен, борлармен ойнайды. Көктемгі ауа райының өзгерісін сезінеді. **Қимылды ойын:** "Күн мен бұлт" – Балалар бұлт келгенде тығылады, күн шыққанда жүгіреді. **Бақылау, зерттеу:** "Күннің жылуы" – Күннің қалай жылытатынын қолдарын созып, сезініп көреді. "Көлеңкем қайда?" – Балалар көлеңкелерін бақылап, қозғалысын байқайды. **Еңбекке баулу:** Құм алаңын тазарту. Гүлдерге су құю. **(Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	Балалар гүлдерді бақылап, түстерін атайды. Сурет салып, топыраққа ойнайды. **Қимылды ойын:** "Гүлдер мен көбелектер" – Балалар гүлдер болып отырады, көбелектер ұшады, ал тәрбиеші белгі бергенде орындарымен ауысады. **Бақылау, зерттеу:** "Гүлдер қалай өседі?" – Балалар гүлдерді қарап, олардың сабақтары, жапырақтары бар екенін байқайды. "Гүлдің иісі қандай?" – Балалар гүлдерді иіскеп, хош иісті сезінеді. **Еңбекке баулу:** Құмырадағы гүлдерді суару. Топырақты қопсыту. **(Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту**	Балалар бақшадағы өзгерістерді көреді. Құммен, судың тамшыларымен ойнайды. **Қимылды ойын:** "Еңбекқор аралар" – Балалар гүлден гүлге ұшып, тозаң жинағандай қимыл жасайды. **Бақылау, зерттеу:** "Ағаштар оянады" – Бүршіктерді, жапырақтардың көктеуін бақылау. "Жерден не шығады?" – Балалар көктемде өсімдіктердің қалай өсетінін бақылайды. **Еңбекке баулу:** Жер қопсыту, ұсақ тастарды жинау. Отырғызылған өсімдіктерді суару. **(Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту**	*«Көктем келді» ойыны (тәрбиеші табиғаттың бір элементін айтса, балалар оны қимылмен көрсетеді).* 3**Бақылау:** Ағаш бүршіктері мен жапырақтардың өзгерісін көру. 4 **Еңбекке баулу:** Аула тазалау, ағаш түбін суару. **Тәжірибе: "Ағаш бүршіктері қалай ашылады?"** Суық суға және жылы суға ағаш бұтағын салып, бүршіктердің ашылу жылдамдығын салыстыру. **(Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу)**	
Серуеннен оралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету,	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету,	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу	

	киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	**Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	
Балалардың дербес әрекеті(қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)	. **Қазақтың тұрмыстық заттарын таныстыру және безендіру** **Мақсаты:** Балаларды қазақтың тұрмыста қолданатын заттарымен (сандық, адалбақан, дорба) таныстыру. Оларды мүсіндеу, сурет салу арқылы бейнелеу. Эстетикалық талғамын және қол еңбегіне қызығушылығын дамыту. **Сурет салу:** Сандықтың суретін салып, өрнектермен безендіру. **Мүсіндеу:** Пластилиннен немесе тұзды қамырдан кішкентай сандық жасап, өрнек түсіру. **Жапсыру:** Дайын тұрмыстық заттардың пішіндерін қиып, қағаздан өрнектер жапсыру.	**Қазақ ою-өрнектерімен шығармашылық жұмыс** **Мақсаты:** Балалардың ою-өрнек элементтерін пайдалану дағдыларын бекіту. Өз қалауы бойынша шығармашылық жұмыс жасау. Эстетикалық қабылдауын дамыту. **Шығармашылық жұмыс:** Балалар өздері қалаған бұйымды ою-өрнектермен әшекейлейді. **Сурет салу:** Еркін тақырыпта ұлттық оюлармен безендірілген заттарды бейнелеу. **Мүсіндеу:** Балалар өздері қалаған ұлттық бұйымды жасап, өрнек түсіреді. **Жапсыру:** Дайын ою элементтерін шығармашылық жұмысқа енгізу. **Қорытынды ойын:** «Менің ұлттық бұйымым»	**Киіз үйдің бөлшектерін безендіру** **Мақсаты:** Балаларды қазақтың киіз үйімен таныстыру. Киіз үйдің бөлшектерін (шаңырақ, уық, кереге, есік) тануға үйрету. Оларды мүсіндеу және ою-өрнектермен безендіру. **Сурет салу:** Киіз үйдің суретін салып, өрнектермен әшекейлеу. **Мүсіндеу:** Пластилиннен шаңырақ, кереге мүсіндеу. **Жапсыру:** Киіз үйдің пішінін қиып, оған түрлі-түсті қағаздан өрнек жапсыру. **Ойын:** «Киіз үйді жина» (балалар киіз үй бөлшектерін құрастырады). **Қол моторикасын дамыту, Мүсіндеу, сурет салу ,жапсыру дағдыларын дамыту**	**Қазақтың ұлттық ойындары** **Мақсаты:** Балаларды қазақтың ұлттық ойындарымен (асық ойыны, ақсүйек, тоғызқұмалақ) таныстыру. Балалардың ептілігін, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту. Ұлттық ойындарды ойнап көру. **Сурет салу:** Балалар өздері қалаған ұлттық ойынның көрінісін бейнелейді. **Мүсіндеу:** Балшықтан асық жасап, бояу. **Жапсыру:** Ұлттық ойын көріністерін түрлі-түсті қағаздан қиып жапсыру. **Ойын:** «Асық ату» немесе «Ақсүйек» ойыны. **Қол моторикасын дамыту, Мүсіндеу, сурет**	

	Ойын: «Затты тап» (сипаттамасына қарай затты табу). **Қол моторикасын дамыту, Мүсіндеу, сурет салу ,жапсыру дағдыларын дамыту**	(Балалар өз жасаған жұмыстарын көрсетеді). **Қол моторикасын дамыту, Мүсіндеу, сурет салу ,жапсыру дағдыларын дамыту**		**салу ,жапсыру дағдыларын дамыту**	
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	

Тәрбиеші: **Омарова А**

Таирханова Р

Тексерген: **Кумекова Б.**

Тәрбиелеу білім беру процесі

2024-2025 оқу жылы

Ортаңғы топ, 3-жас

Наурыз 4 -апта

Күн тәртібі			**Сәрсенбі** **26.02.2025**	**Бейсенбі** **27.02.2025**	**Жұма** **28.02.2025**

Балаларды қабылдау			Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Баланы шкафқа киімін шешуге көмек көрсету **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» - Дина Нұрпейісова** – "Әсемқоңыр", "Бұлбұл" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың өзімен қатар балалармен байланыс жасауына көмек көрсету. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» - Қазанғап Тілепбергенұлы** – "Көкіл", "Шынылаяқ тастар" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	*Әр баланы күлімсіреп, есімімен атап қарсы алу. Бұл балаға өзін ерекше сезінуге мүмкіндік беру.* ***Медбике тексеруі*** ***«Күй күмбірі» - Құрманғазы Сағырбайұлы** – "Сарыарқа", "Адай"* *балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру*
Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру			**Психологтың кеңесі: "Баланың ойын дағдылары"** **Мақсаты:** Балаға ойын арқылы әлеуметтік және танымдық дағдыларды дамыту. Ойындарды қолдану арқылы қызығушылықты арттыру. **Талқыланатын мәселелер:**	**Ата-аналармен әңгіме: "Баланың шығармашылық дамуындағы ойындардың рөлі"** **Мақсаты:** Шығармашылық қабілетті дамыту үшін ойындарды тиімді пайдалану. Баланың қиялын ұштау және жаңа идеяларды іске асыру.	**Ата –аналармен әңгіме: "Баланың тәрбиесіндегі үйлесімді тәсілдер"** **Мақсаты:** Бала тәрбиесіндегі үйлесімді тәсілдер мен әдістерді түсіну. Қатаң және жұмсақ тәсілдердің араласуы. **Талқыланатын мәселелер:** Тәртіп пен еркіндікті үйлестіру.

			Баланың шығармашылық ойыны мен рөлдік ойындар арасындағы айырмашылық. Ойын арқылы балалардың тілін дамыту және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру. Құрылыс ойындары мен логикалық тапсырмалардың маңызы.	**Талқыланатын мәселелер:** Шығармашылық ойынды ұйымдастыру. Баланың қиялын, сурет салу, мүсіндеу, конструкторлық ойыны арқылы дамыту. Ойыншықтардың шығармашылық дамуға әсері.	Баланың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу әдістерін таңдаудың маңызы. Позитивті тәрбие мен ақыл-кеңестердің баланың дамуына әсері.
Балалардың іс-әрекеті (ойын,танымдық,коммуникативтік,шығармашылық эксперименталдық, еңбек,қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)			**«Қауіпсіздік – әр күннің негізі»** **Мақсаты:** Балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Өрт, су, жол ережелері туралы түсініктерін бекіту. **Танымдық:** «От, су, электр – дос па, қас па?» (суреттермен жұмыс). **Ойын:** «Қай жерде қауіп бар?» (суреттерден қауіп көздерін табу). **Қимыл:** «Бағдаршам» (қызыл, сары, жасыл түстерге сәйкес қимыл жасау). **Шығармашылық:** Бағдаршам макетін жасау. **Қауіпсіздік:** Өрт, суға батпау, электр құралдарын дұрыс пайдалану ережелері.	**«Қазақ халқының баспанасы – киіз үй»** **Мақсаты:** Балаларды киіз үйдің құрылысымен және оның бөліктерімен таныстыру. Ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттыру. **Іс-әрекет түрлері:** **Танымдық:** Киіз үйдің негізгі бөліктері (шаңырақ, кереге, уық, туырлық) туралы түсіндіру. **Ойын:** «Киіз үйді құрастырайық» (суреттегі бөліктерді сәйкестендіру). **Шығармашылық:** Киіз үй макетін қағаздан жасау, өрнектермен безендіру. **Эксперимент:** Киіз бен	**«Мен және менің отбасым»** **Мақсаты:** Балаларға отбасы құндылықтарын түсіндіру. Отбасы мүшелеріне құрмет көрсету дағдыларын дамыту. **Іс-әрекет түрлері:** **Танымдық:** «Отбасы – бақыт мекені» (әңгіме, әулет шежіресі туралы әңгімелеу). **Ойын:** «Менің отбасым» (балалар өз отбасы мүшелерін сипаттайды). **Шығармашылық:** «Менің отбасым» тақырыбында сурет салу. **Қимыл:** «Ата-анаға көмектес» (үй жинау, ойыншықтарды жинау). **Шығармашылық, танымдық. Еңбек әрекеті**

			Шығармашылық, танымдық. Еңбек әрекеті мен қауіпсіздік дағдыларын дамыту	басқа маталардың ерекшеліктерін салыстыру. **Қауіпсіздік:** Үйдің ішінде және сыртында қауіпсіз жүріп-тұру ережелерін талқылау. **Шығармашылық, танымдық. Еңбек әрекеті мен қауіпсіздік дағдыларын дамыту**	**мен қауіпсіздік дағдыларын дамыту**
Таңертенгілік жаттығу			**Таңғы жаттығу кешені №14** **"Ғарышқа ұшу"** Музыка: **"Ғарышкер боламыз"** **"Зымыранды оталдыру"** – Қолды жоғары көтеріп, баяу көтеріліп, секіру. **"Ғарышта ұшамыз"** – Қолды екі жаққа жайып, айналу. **"Жерсеріктерді зерттеу"** – Алға еңкейіп, айнала қарау. **"Жұлдыздарға секіру"** – Жеңіл жоғары секіру. **"Ғарыштан ораламыз"** – Терең тыныс алу, қолды төмен түсіру.	**Таңғы жаттығу кешені №15** **"Теңізге саяхат"** Музыка: **"Кеме жүреді"** **"Толқынмен тербелеміз"** – Денені оңға-солға иіп, қолды жанға созу. **"Желкен көтерілді"** – Қолды жоғары көтеріп, баяу тербелу. **"Балықтар жүзді"** – Қолды шеңбер жасап қозғау. **"Шалшықтан секіру"** – Бір орында жеңіл секіру. **"Қайық тоқтады"** – Терең тыныс алып, қолды төмен түсіру.	**Таңғы жаттығу кешені №16** **"Спортшылар сайысы"** Музыка: **"Көңілді жаттығу"** **"Жүгіреміз"** – Бір орында жүгіру. **"Секіргішпен секіру"** – Бір орында қос аяқпен секіру. **"Допты лақтыру"** – Қолды жоғары көтеріп, ауада "доп лақтыру". **"Кедергілерден өтеміз"** – Бір аяқтан екінші аяққа секіру. **"Жеңіске жеттік!"** – Қолды жоғары көтеріп, терең тыныс алу.
Таңғы ас			Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.

			Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларға:Үстелді тазалап ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҮІӘ			Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау **"Үнемділікке баулу"** **Міндеті:** Балаларды ресурстарды (су, жарық, қағаз) үнемдеуге үйрету. **Ойын: "Кранды жап"** Балаларға судың маңызын түсіндіру. Ойын барысында балалар су құятын ыдыстарды толтырып, қажетсіз жағдайда кранды жабуды үйренеді. Қол жуып болған соң, кранды жабу әрекетін қайталау.	**"Өнегелі 15минут: Сыпайылық ережелері"** **Міндеті:** Балаларды «рақмет», «өтінемін», «кешіріңіз» деген сыпайы сөздерді қолдануға үйрету. **Ойын: "Сиқырлы сөздер"** Балалар сиқырлы қорапшадан суреттер немесе ойыншықтарды алады. Олар бұл затты алмас бұрын "өтінемін" деп айтуы қажет. Әр бала ойын соңында «рақмет» айтуға дағдыланады. Үйде ата-анасына сыпайы сөздерді айтып көрсету.	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау **Өрт қауіпсіздігі** Педагог өрттің қаншалықты қауіпті екенін, өртке себеп болатын заттарды (сірәнке, отпен ойнау) түсіндіреді.Балалармен «Өрт шыққанда не істеу керек?» деген сұрақты талқылау. Өрт кезінде 101-ге хабарласу қажеттілігін және өрттен қашу жолдарын ойын түрінде көрсету.

Кестеге сәйкес ҮІӘ			**Музыка** **"Музыкалық ертегі"** **Мақсаты:** Балалардың ертегі кейіпкерлерін музыка арқылы мәнерлі бейнелеуін дамыту. **Ойын барысы:** Балаларға ертегі тыңдатылады («Бауырсақ», «Мақта қыз бен мысық»). Әр бала өз кейіпкерін таңдап, оның қимылын музыка ырғағымен көрсетеді: Бауырсақ – дөңгеленіп жүгіреді. Қасқыр – баяу қозғалады. Түлкі – ақырын жүреді де, кенеттен секіреді.	**Дене тәрбиесі** **"Туннельден өтеміз"** **(Еңбектеу, өрмелеу)** **Мақсаты:** Балалардың дене икемділігін, тепе-тендігін жақсарту. **Ойын барысы:** Балалар кішкентай кірпілер болып ойнайды. Олар туннельден еңбектеп өтеді, «ормандағы жапырақтар арасынан» сырғып шығады. Барлық балалар кедергілерден өткен соң, қол ұстасып шеңбер құрады.	**Қазақ тілі** **"Санамақ айтайық!"** **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын дамыту, санамақтар арқылы есте сақтау қабілетін жетілдіру. **Ойын барысы:** балаларға қысқа санамақтар айтып беру Балалар бірге қайталап жаттайды. Кейіннен балалар жеке-жеке айтып көреді. **Мысалы:** *Бір, екі, үш,* *Біз санаймыз күш!* *Төрт, бес, алты,* *Ойын ойнап балқы!*

Серуенге дайындық			***"Киіну мен шешіну реті" (Реттілікті евктау дағдысын жетілдіру)*** *Балалар дұрыс киіну ретін қайталайды. "Қайсысы бірінші?" ойыны – Балалар киіну ретін рет-ретімен айтып береді. Серуеннен кейін балалар өздігінен шешінеді, киімдерін шкафқа дұрыс орналастырады.*	***"Көктемде қалай киінеміз?" (Серуенге дұрыс киіну дағдысын бекіту)*** *балаларға көктемгі ауа райына сәйкес киіну керектігін түсіндіру "Не артық?" ойыны – әртүрлі киімдерді көрсетіп, балалар тек көктемгі киімдерді таңдайды. Балалар өздігінен киініп, бір-біріне көмектеседі.*	*Өздігінен реттілікпен киінуді үйрету* *Балаларға қысқы табиғаттың ерекшеліктері туралы қысқаша түсінік беру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру* ***Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру***
Серуен			**Серуен картотекасы№26 "Көктемгі құм" (Құмның қасиеттерін бақылау, ойындар ойнау)** **Балалардың дербес әрекеті:** Құммен түрлі формалар жасау. Ылғалды және құрғақ құмның айырмашылығын көру. **Қимылды ойын:** "Құмдағы іздер" – Балалар құмда із қалдырып жүреді. **Бақылау, зерттеу:** "Құмның түсі қандай?" – Түрлі реңктерін көру. "Құмды суға қосса не болады?" – Ылғал құмның қасиеттерін байқау.	**Серуен картотекасы№27** **"Көктемгі шөптер" (Шөптің өсуін бақылау, жасыл түсті тану)** **Балалардың дербес әрекеті:** Жасыл шөптің арасымен жүру, сипап көру. Шөптерден шағын гүлдеста жасау. **Қимылды ойын:** "Шөп арасындағы қояндар" – Балалар шөп арасында қояндар секілді секіреді. **Бақылау, зерттеу:**	**Серуен картотекасы№28 "Көктемгі жәндыр" (Жәндырдың жерін бақылау, су тамшыларын зерттеу)** **Балалардың дербес әрекеті:** Су тамшыларын ұстау, жылы немесе салқын екенін сезіну. Жәндырдың дыбысын тыңдау. **Қимылды ойын:** "Жәндыр мен күн" – Балалар жәндыр жауған кезде жүгіріп тығылады, күн шыққанда қайта жүгіреді. **Бақылау, зерттеу:**

